

Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 тамыздағы № 583 "Тарбағатай ауданы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы" өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 996 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 қазанда № 7671 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 70 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 31.03.2025 № 70 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабының 1, 2-тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27-баптарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 тамыздағы № 583 "Тарбағатай ауданы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7493, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 28 тамызда жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тарбағатай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Тарбағатай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Смаилов

2020 жылғы 13 қазаны

№ 996 қаулысына

қосымша

Тарбағатай ауданы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін белгіленген орындар

1. Ақсуат ауылы, Абылайхан көшесімен Байыс баба көшесі қиылысының жанында;

2. Ақсуат ауылы, Орталық стадиондағы су бұрқақтың жанында;

3. Ақжар ауылы, Жамбыл көшесіндегі "Адал" дүкені жанында;

4. Ақжар ауылы, Қабанбай батыр атындағы саябақтың ішіндегі алаң;

5. Құмкөл ауылы, Қабанбай көшесінің бойындағы бұрынғы ауыл әкімшілігі ғимаратының алдындағы алаң;

6. Маңырақ ауылы, Дәулетбай көшесіндегі дүкендердің жанында;

7. Ойшілік ауылы, Қабанбай көшесінің бойындағы орталық саябақ пен "Инабат" дүкені арасындағы алаң;

8. Тұғыл ауылы, Желтоқсан көшесінің маңы;

9. Тұғыл ауылы, Тұғыл ауылынан 5 км қашықтықтағы Омск – Майқапшағай республикалық тас жолының маңы;

10. Тұғыл ауылы, Құсты өзен учаскесінің маңы.